КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 17 қазандағы іс №1912-24-00-2/2459 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Д.Байбутаев
сот отырысының хатшысы Д.Туткабек отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Алматы облысы Полиция Департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер атынан Мұхаш Зеріп Нұрлыбекқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі А.А. Абдрахманова
Жауапкердің өкілі Дөнгей Қ.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысы Полиция Департаменті» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Талап қоюшы) мен «Каусар» жеке кәсіпкер атынан Мұхаш Зеріп (бұдан әрі – Жауапкер) арасында 2024 жылда 12 тамызда №289 шарт /тауар жеткізу/ бойынша 15 күн ішінде жалпы сомма 58 825 теңге тұратын заттарды жеткізу міндет болған.

2024 жылы 19 қыркүйекте талап қоюшы тарапынан осы талап қою арызы сотқа тапсырылды.

Жауапкердің тарапынан қарсы пікір жазбасша түрде тапсырылмаған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшының өкілі сотта шартта көрсетілген қызметтерің жауапкер орындамады, осыған байланысты шарт бұзылды. Осыған байланысты заңға сәйкес шешім қабылдауға соттан сұрады, яғни жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану.

Жауапкердің өкілі талап қоюды толымен мойындады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің /АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерың толығымен орындалған жоқ. Осы себебте екі тараптардың арасында жасалған шарт талап қоюшынын тарапынан бір жақты бұзылды.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындау кәжет болғанына байланысты, жұмыстың аяқталмағанын ескере отырып, шартта көрсетілген тұрақсыздық айыбын төлегенің ескере отырып, талап қою қанағаттандыруға жататын деп санайды.

АПК-нің 117 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіруге жатады, себебі талап қою қаңағаттандырылды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Алматы облысы Полиция Департаменті» мемлекеттік мекемесі жауапкер «Каусар» жеке кәсіпкер атынан Мұхаш Зеріп Нұрлыбекқызы - мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюды қаңағаттандыруға.

«Каусар» жеке кәсіпкер атынан Мұхаш Зеріп Нұрлыбекқызы өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды.

«Каусар» жеке кәсіпкер атынан Мұхаш Зеріп Нұрлыбекқызы атынан мемлекеттік пайдасына мемлекеттік баж сот шығындарын 1 846 /бір мың сегіз жүз қырық алты/ теңге өндіруді.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 17.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.11.2024, судья Байбутаев Е. Д., 27.11.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Е.Д.Байбутаев**

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 17.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.11.2024, судья Байбутаев Е. Д., 27.11.2024

1912-24-3-1/2458